

АЛАШОРДА БАТЫС БӨЛІМІНІҢ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Шыныбаев Ибрахим Турсынғалиевич E-mail: ibrahimsynubaev@gmail.com
«География және тарих мұғалімі» білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., профессор -Таңатарова Ж.Т.

Аңдатпа. Алашорданың Батыс бөлімі, Күнбатыс Алашорда, Батыс Алашорда – ХХ ғасыр басында Батыс Қазақстан аймағында орнаған ұлттық-мемлекеттік «Алаш автономиясының бір қанаты (немесе құрамдас бөлігі)». 1918 жылы қыркүйекте Уфа Директориясын құру мәжілісіне Алашорда үкіметі тарапынан 12 делегат қатысты. Олар 11 қыркүйекте автономиялық үкімет төрағасы Әлихан Бөкейхановтың және Халел, Жаһанша Досмұхамедовтер (Орал), Бақтыгерей Құлманов, Уәлитхан Танашев (Бөкей ордасы), Сағындық Досжанов (Орынбор), Есенғали Тұрмұхамедов, Бижан Жанқадамов (Ақтөбе), сондай-ақ Ахмет Бірімжанов (Торғай), Әлімхан Ермеков, Мұхаметжан Тынышбаев (Жетісу) сияқты үкімет мүшелерінің қатысуымен төтенше мәжіліс өткізді. Мәжілісте Алаш автономиясының жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқылап, бұрынғы «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметін тарату, оның орнына Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім шығарды. Ол ресми түрде «Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше» деп аталды. Оның төрағалығына Ж.Досмұхамедұлы сайланды. Алашорданың Батыс бөлімінің әкімшілік құзіретіне бұрынғы «Ойыл уәлаятының» жеріне қоса Бөкей ордасының, Ақтөбе, Ырғыз уездерінің (Закаспий облысы) аумағы кірді. Яғни Уфа мәжілісінің шешімінен кейін бұрын «облыстық қазақ комитеті», «Ойыл уәлаяты» аталған Күнбатыс Алашорданың жер аумағы 2 есе өсіп, тұрғын халқының жалпы саны 1,5 млн. адамға жетті. Алашорда үкіметінің батыс қанаты – Күнбатыс Алашордасының орталығы болған Жымпиты селосында Алаш тарихымен байланысты бірнеше ғимарат сақталған. Оның бірі – Күнбатыс Алашорданың кеңсесі, екіншісі – ХІХ ғасырға тиесілі мұсылмандар мешіті. Алаш жұрты азаттыққа қол созған 1917-1918 жылдары Алашорданың батыс қанаты ең ұзақ: 19 ай – 578 күн бойы өмір сүрген. Бүгінде Жымпиты ауылында Алаш аллеясы, Алашорда музейі жұмыс істейді. Қашқынбаев Иса (Ғайса) Таумышұлы – Батыс Алашорда қайраткері, алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі. Иса Қашқынбаев 1891 жылы 15 қыркүйекте Орал облысы, Ілбішін уезі, Қурайлы болысы, 3-ауылында дүниеге келген. Әкесі дәулетті, әрі сауатты кісі болған. Тегі – Байұлына жататын Тана руы. 1903 жылы Қарасу-Шалқар болыстық орыс-қазақ мектебін үздік бітіреді. 1903-1910 жылдары Орал реальдық әскер училищесінде оқиды. Осы училище жанындағы жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік беретін қосымша сыныпты 1911 жылы тәмамдап, 1912 жылы Орынбор халық ағарту округінің сынақ комитетінде ер балалар гимназиясының 8-сыныбы 656 көлемінде латын тілінен қанағаттанарлық бағаға емтихан тапсырып, құжаттарын Мәскеу университетінің медицина факультетіне жолдайды. Мәскеу университеті қабылдаудан бас тартқан соң сол жылы Қазан университетінің медицина факультетіне түседі. Орал облыстық земство жиынының стипендиясында оқиды. 1-дүниежүзілік соғысқа байланысты 4-5 курстарды бір жылда экстерн бітіріп, 1917 жылы Қазан университетін өте жақсы нәтижемен бітіріп шығады. 1917 жыл Ақпан революциясынан соң Петроград қаласына келіп, саяси оқиғаларға араласты. І Бүкілресейлік мұсылмандар съезі қарсаңында шығыс зиялылары мен саяси қайраткерлерінің арасында Мұсылман аймақтарының болашақ мемлекеттік

құрылымдарының унитарлық (Ресейден бөлінбейтін) және федеративтік түзілімін таңдау жөніндегі айтысына қатысады. Наурыздың ортасында Мұсылман қайырымдылық қоғамында өткен жиында Лутфи Исхаки, Сұлтанбек Мәмлиев сияқты татар зиялыларымен бірге федеративтік түзілімді қолдап сөйлейді. Елде саяси оқиғалардың өрістеуіне орай Орынбор қаласына келіп, 1917 ж. сәуірдің басында өткен Торғай және Орал қазақтарының съезіне қатысады. Сәуірдің ортасында өткен I Орал облыстық қазақ съезінің делегаты болады. Съезді құттықтауға келген қазақтың оқыған қыздары Меңдіқыз Шәпенова мен Иса Қашқынбаевтың зайыбы Жамал Дәулетдинқызы Қашқынбаева бастаған қыз-келіншектер тобын съезден шығарып жіберу жөнінде мәселе көтерген дін иелеріне қарсы шығады. Осы кезде Түркістан губерниясында қызмет етсе керек, себебі, 1917 жылы шілдеде өткен I жалпықазақ съезінде Құрылтай жиналысы депутаттығына кандидат ретінде Мұстафа Шоқай, Ғабдірасул Мәмбеевпен бірге Әмудария бөлімінен аталады. Депутаттыққа кандидаттар тізімін жасаған съезд бюросы «Қазақ» газетінің бетінде оған «Жас доктор, жігерлі, білімді, ұлтшыл жігіт» деген мінездеме берді. Шамамен 1917 жылы жазда Орал облыстық земство управасында, оның халық денсаулығын сақтау бөлімінің меңгерушісі А.Генкенің көмекшісі болып істейді. Земство съезін шақыру жөніндегі Жымпиты уездік ұйымдастыру комитетінің жұмысына қатысады. Осы орайда әкімшілік-аумақтық бөліністі ру жігі бойынша жүргізу көзқарасы салдарынан орын алған қақтығыстар тұсында Киев политехника институтының түлегі М.Балтановпен бірге Е.Қасаболатов тобына қарсы шығады. 1917 жылы желтоқсанда өткен II Жалпықазақ съезінде Уақытша Ұлт кеңесі (Алашорда) мүшелігіне кандидат (Ұлт Кеңесі мүшесінің орынбасары) болып сайланды. 1918 жылы қаңтарда Қаратөбеде өткен III Орал облыстық қазақ съезінде салық мәселесі туралы айтыста Жанша және Халел Досмұхамедовтер тобын қызу қолдайды. Сол жылғы мамырда Жымпитыда өткен IV Орал облыстық қазақ съезінің делегаты, «Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметіне» мүше болып сайланады. Облыстық земство жанындағы үкімет мүшесі ретінде әскери құрама жасақтау, халыққа дәрігерлік, тұрмыстық қызмет көрсету мәселелерімен шұғылданады. 1918 жылы желтоқсандағы Жымпиты Алаш гарнизонының бас көтеруі кезінде өткізілген Батыс Алашорда үкіметі мен облыстық земство басқармасының төтенше мәжілісіне қатысты. Бас көтеруден соң әскери құрамаларды зиялы топ өкілдері мен ел ішіндегі сыйлы адамдардың балаларынан жасақтау, сапалық тұрғыдан жақсарту шараларын қолдайды. Батыс Алашорда тізе бүккеннен кейін оның белсенді үкімет мүшелері арасынан Жанша және Халел Досмұхамедовтермен бірге (1920 жылы ақпан айының басында) Орынбор арқылы Мәскеуге жөнелтіледі. Маусым айында кеңес басшылығына табыс етілген Батыс Алашорда үкіметінің қызметі туралы мәлімдемені әзірлегендердің бірі. Сол жылғы 3 маусымдағы БОАК қаулысымен Қазәсревком қызметіне ұсынылады. Қазәсревком бұл ұсынысты негізінен құптағанымен РК(б)П ОК-нің осы мазмұнда жеделхатына Қазақ РК(б)П облыстық комитеті келісім бермейді. Әсіресе 1920 жылы 21 маусымдағы мәжілісінде «әлеумет үшін қауіпті» адам ретінде И.Қашқынбаевты айрықша мінездемемен Заволжье әскери округіне жіберу жөнінде шешім қабылдайды. Алайда, Қазақ халық ағарту комиссариатының ара түсуімен сол жылғы тамыз айында осы органның Түркістан Кеңес республикасындағы уәкілі ретінде Ташкент қаласына жіберіледі. 1920 жылы осында Өлкелік мұсылмандардың фельдшерлік мектебін ұйымдастыруға белсене қатысады. 20-жылдардың аяқ шенінде Орта Азия мемлекеттік университетінің педагогика факультетінде ассистент. 1930 ж. 1 қазанда университет аспиранттары М.Әуезов, Қ.Кемеңгеровпен бірге тұтқындалып, Алматы 657 қаласына айдалды. Осында Қазақ КСР Біріккен саяси басқармасы комендатурасының арнаулы түрмесіне 32 қайраткерімен бірге қалмалады. «М.Әуезов, Ж.Күдерин, Қ.Кемеңгеровпен бірге қазақ ұлтшылдарының контрреволюциялық ұйымының Ташкенттегі астыртын

бөлімшесіне мүше болды» деген айып тағылады. Тергеу қорытындысымен қандай жаза кесілгені әзір белгісіз. Қауіпсіздік органдары архивінде оның үстінен қозғалған істің құжаттары жоқ. Иса Қашқынбаев 30-жылдар ортасында Ташкенттегі Семашко атындағы Функциональдық диагностика институтында бөлім меңгерушісі болады. 1938 жылы 23 сәуірде Өзбек КСР Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы тарапынан ұсталып, «халықаралық буржуазияның реакциялық бөлігіне көмек көрсетті», «контрреволюциялық ұйымға қатысты» деген айыппен қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Өзбек КСР ПХК-ның 1939 жылы 1 желтоқсандағы қаулысымен қылмысы дәлелденбеуі себепті И.Қашқынбаев қамаудан босатылған. Бұдан кейінгі тағдыры белгісіз. 1948 жылы 12 мамырда Ташкент қаласында дүниеден өткен. Кәрім Жәленұлы 1889 жылы Орал облысы, Жымпиты уезі, Байғұтты болысы, 4 ауылда туған. Батыс Алашорданың қайраткері, әдіскер-математик, қазақтың алғашқы ауылшаруашылық мамандарының бірі. Үш жылдық орыс-қазақ мектебін, екі сыныптық орыс-қазақ училищесін бітірген. Болыстық басқармада хатшы болып жұмыс істейді. 1905-1908 жылдары Орал шаруашылық мектебін, 1908-1914 жылдары Орал реальдық әскер училищесін бітіреді. Училищеде М.Х.Мырзағалиевпен бірге жастар үйірмесіне қатысады. Жаз айларында Орал қаласы маңындағы Зеленов станицасында бай қазақ Астраханиге жалданып жұмыс істейді. 1914 жылы Воронеж ауылшаруашылық институтына түскен. 1916 жылы Б.Жанқадамов, М.Балтанов, М.Баймұхамедовтармен бірге қазақтан майданға адам алуды кейінге қалдыруды сұрап Петроградқа барған Жайық сырты қазақтары делегациясының құрамында болды. Оқуын аяқтамастан Түркістан генерал-губернаторлығы мен Бүкілресей Земство одағының және «Қазақ» газеті маңындағы ұлт зиялыларының шақыруымен тылдағы қазақ жігіттеріне жөн-жоба көрсететін мыңбасы, жүзбасы оқығандардың қатарында Батыс майданына келіп, осындағы 9 қос (жұмыс дружинасы) Кіші жүз жігіттеріне басшылық етуге қатысқан. Сол жылы наурыз-сәуір айларында Жайық сырты қазақтары управасының шақыруымен I Қазақ Орал облыстық съезіне әзірлік жұмыстарына қатысады. 1917 жылы сәуірдің басында Орынборда өткен Торғай және Орал облысы қазақтары съезінің делегаты. 1917 жылы сәуірдегі I Қазақ Орал облыстық съезінде Жайық сырты қазақ комитетіне мүше болып сайланған. Осы жылы мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік Мұсылмандар съезіне қатысады. Сәл кейінірек Жымпиты уездік атқару комитетінің төрағасы болып, осы қызметте жүріп, Уақытша үкіметтің 1917 жылы маусымдағы бұратана ұлттарға жергілікті басқару билігін земство жолымен беру жоспарында көрсетілген, қыстау бойынша уездік сайлау тізімін жасау тәртібіне орай бұрынғы әкімшілік бірліктерді қайта межелеу, саны аз руларды өз алдына болыс, ауыл етіп қоныстандыру жұмыстарын жүргізген. Жайықтың сол жағалауындағы құнарлы жерлерді қазақтардан қайтарып алу мәселесін Құрылтай жиналысы негізінде, қазақтарды жерге орналастырып барып шешу жағында болды. 1918 жылы қыста Қаратөбеде өткен III Қазақ Орал облыстық съезінде кедейлерге салынатын салық ауыртпалығын жеңілдету үшін салықты түтін басына емес, ауыл-ауыл, қауым-қауым бойынша бөліп салуды ұсынған Ғ.Әлібеков тобын қолдайды. Өзге мәселелер бойынша Жанша және Халел Досмұхамедовтер жағында қалады. Осы кезеңде үйде қару сақтағаны үшін Казак Войско үкіметі тарапынан тұтқындалған Е.Қасаболатовты, Ө.Әлібековті, М.Х.Мырзағалиевті кепіл болып босатып алды. 1918 жылы бас кезінде өткен Орал большевиктері съезінен кейін большевиктер іс-әрекетінің жүгенсіз, анархияшыл сипатын әшкерелеп, оларға жақтас болғандар революциялық заң жолымен қатаң жазаланатыны жөнінде облатком бұйрығын шығарды. Оралда оқитын қазақ жастарының мәдени-ағарту, өзара көмек көрсету бағытындағы «Ақ ниет» ұйымының құрылтай жиналысына қатысып, ұйымға қолдау көрсетті. Ұйымды құрушы А.Арыстанов, Б.Бейсенов, А.Арғыншиев, Ғ.Ниязов, С.Жетімеков, Ө.Ипмағамбетов секілді жастарға қамқорлық 658 жасады. 1918

жылы қаңтарда Орал қаласында қайыра өткен облыстық земство басқармасын сайлау кезінде облземуправа төрағасы Х.Досмұхамедовке орынбасар болып сайланды. 1918 жылы наурыз-сәуірде К.Жәленов және Х.Досмұхамедовтер басқарған делегация құрамында Мәскеуге барып, Совнарком Кіші коллегиясында екі жақты келісім-шарт әзірлеу ісіне қатысты. 1918 жылы 21 мамырда Жымпитыда өткен IV Қазақ Орал облыстық съезінде съезд президиумына хатшы болып сайланды. Ойыл уәлаяты құрылғаннан кейін Жымпиты уездік земство басқармасының төрағасы қызметін атқарды. Облыстық және уездік деңгейдегі земство басшысы кезінде Алаш милициясын, кейін Батыс Алашорда Халық әскерін жасақтау ісін ұйымдастырушылардың бірі болды. Батыс Алаш-Орда тізе бүккеннен кейін оның ең беделді қайраткерлерінің бірі ретінде Қазақстаннан аулақтатылып, 1920 жылы басында К.Жәленов және Х.Досмұхамедовтермен бірге Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті қарамағына жіберілді. Батыс Алаш-Орда басшылары атынан Кеңес үкіметі басшылығына тапсырылған Батыс Алашорда үкіметінің қызметі жайындағы хат баяндаманы әзірлеп, оған қол қойғандардың қатарында болды. 1920 жылы маусымда БОАК шешімімен Орынборға, Қазэсревком қарамағына қызметке пайдалануға жіберілді. Қазэсревком Президиумының хатшысы болып істеді (1920, маусым – 1920, тамыз). 1920 жылы қыркүйекте Қазақ Халық ағарту комиссариатының қатынас қағазымен, Түркістан Кеңес Республикасының төрағасы Т.Рысқұловтың сұрауына орай Түркеспубликасы қарамағына қызметке орналасты. 1920-1923 жылдар аралығында Ташкенттегі Қазақ ағарту Агрономия бөлімінде оқытушы, Түркеспубликасы Жер Халкомының мүшесі болды. 1920 жылы тамызда Түрк республикасы Халық ағарту комиссариаты жанынан Х.Досмұхамедов ұйымдастырған Білім комиссиясының жұмысына қатысты. I және II басқыш мектептеріне арналған физика оқулығын және арифметика оқулығының екінші бөлімін жазумен айналысты. Соңғы оқулықты 1923 жылы Ташкентте «Есеп тану» деген атпен жарыққа шығарды. 1923 жылдың басында Х. Досмұхамедов, проф. А.Шмидт, Ә.Диваев, М.Жұмабаев, Н.Архангельскиймен бірге «Талап» қазақ мәдениетін көркейтушілер қауымын құрысты. Сол жылы қыста Мәскеу ауылшаруашылық кооператив институтына оқуға кетуіне байланысты «Талап» қауымы басқармасының құрамына енген жоқ. Өмірінің Ташкент кезеңінде Жәленовтың қаламынан «Химия өзгерістері», «Қазақ-қырғыз мектептері» («Сана», 1923, №1), «Емшек баласын асыраудың һәм тәрбиелеудің реті», «Өсімдіктердің түзілісі» («Шолпан», 1923, №4-5; «Шолпан», 1923, №6-8) мақалалары туды. 1921-1922 жылдары Қазақстандағы ашаршылыққа байланысты өткен қазақ зиялыларының Ташкент кеңесіне қатысты. 1924 жылы Орал губерниялық жоспарлау комитетінде ауыл шаруашылығы секциясының меңгерушісі. 1924-1925 жылдары латын әліппесін тарату жөніндегі қоғам жарғысын жасады. Белсенді қызметкерлер жиналысында бір ауыздан қабылданған жарғы негізінде құрылған латын әліппесі жөніндегі комитетке мүше болды. Кейінірек Гурьев округтік мемлекеттік жоспарлау комитетінде жұмыс істеді. 1929 жылы 8 қаңтарда БМСБ Гурьев округтік бөлімшесі тарапынан тұтқындалып, 1930 жылы сәуірде 5 жылға Воронежге жер аударылды. Жазаны өтеп келгеннен кейін 1937 жылы қайта тұтқындалып, 1938 жылы 26 ақпанда атылды. К.Жәленовтің есімі 1988 жылы қарашада аяқталды. Беркінғали Атшыбаев - Батыс Алашорданың белгілі қайраткері, 1897 жылы Гурьев уезінің Қазабек болысының Миялы ауылында дүниеге келген. Ол - қазақтың тұңғыш мұнай барлаушы геологі. Арғы атасы Қазыбек белгілі би болған екен. Өз атасы Атшыбай 1869-1870 жылдары кіші жүз қазақтарының көтерілісінде қол бастаған батыр болған. Әкесі Мұқаш көзі ашық, саудамда шұғылданған дәулетті адам екен. Шеркеш руынан шыққан. 1905 жылы Есбол болысындағы орыс-қазақ мектебін, ал 1908 жылы Гурьевтегі екіжылдық Романов орыс-қазақ училищесін бітіреді. 1909 жылдан 1916 жылға дейін Орал нақты әскери училищесінде оқиды. Беркінғали Атшыбаев Бірінші дүниежүзілік соғыста капитан шенімен

майдан даласындағы ұрысқа қатысқан. Соғыстан келгеннен кейін Алашорданың Батыс бөлімінің жұмысына араласады. 659 Орал облысы қазақтарының IV съезіндегі ұсынысы бойынша Беркінғали Атшыбаев 1918 жылы Жымпитыда ашылған офицерлер дайындайтын алты айлық кадет училищесіне оқуға түседі. Прапорщик шенін алып шыққан Беркінғали Атшыбаев Алашорданың Батыс бөлімін басқару бөлімінің бас қолбасшысы болып тағайындалады. Өзінің ұйымдастыру жұмысына айрықша бейімділігі, әртүрлі деңгейдегі адамдармен байланыс орната білуі, дипломатиялық қабілеті, туындаған мәселені дер кезінде шеше білуі, әрқашан өзара тиімді келісім құрып, оны ұсына алуы, қандай жағдайда да тығырықтан шығар жол таба білетін қасиеті арқасында Беркінғали Алаш әскерін азық-түлік, киім-кешек, керек-жарақ, оқ-дәрі сияқты қажеттіліктермен қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосқан. Мәселен, Батыс Сібір әскерімен және Батыс Сібірдегі британ өкілдігімен қарым-қатынасты жолға қойып, үнемі байланыс жасап отырған. 1919 жылдың соңында Форт-Александровск порты арқылы британдық техниканы жеткізу ісін ұйымдастырған. Қаржылық хаос пен гиперинфляция болып тұрған кезде ол жергілікті қазақтар мен Сібірдің оңтүстік-батысындағы астық өсіретін аудандардың кооперативтерімен тиімді айырбас жасасқан. Орал, Қаратөбе, Нефть, Ілбішін базарларында Қызылқоға мен Сағыздың уездік земствосы арқылы сауда және айырбас жасауға мүмкіндік берген. Алашорда үкіметі тарағаннан кейін Беркінғали Атшыбаев та Алашорданың Батыс бөлімінің көшбасшылары қатарында (барлығы бес адам) «оқшауланып», Мәскеуге жөнелтіледі. Жаһанша және Халел Досмұхамедовтармен бірге Алашорданың Батыс бөлімінің қызметі туралы кеңес өкіметінің басшыларына хат жазды. 1920 жылы Алашорданың қызмет бағытын нақтылау нәтижесінде Алаш қозғалысының мүшелері мен қатысушыларына екінші амнистия жарияланған болатын. Қайтып келгеннен кейін Орынборда Қазревком ішкі істер бөлімінде іс жүргізуші, артынша азаматтық істер бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1921 жылдың күзінде Түркістанда азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі төтенше уәкіл болып тағайындалады. Ташкентке жетіп, ашаршылықтан қиналып жатқан халыққа көмек жинап, қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. 1921 жылы қарашада үйсіз-күйсіз 400 қазақ баласын тиеген санитарлық пойыз Самарқанға жол тартты, ал Қазақстанның солтүстік аудандарында 5000 пұт астық жеткізілді. 1928 жылы Беркінғали Атшыбаев Мәскеу тау-кен академиясына, мұнай факультетінің геологиялық бөліміне оқуға түседі. Алайда, 1930 жылы «алашордашы», «жат элемент» болғаны үшін оқудан шығарылады. Гурьевке қайта келген соң, «Ембімұнай» тресінің геологиялық барлау басқармасында картография бөлімінің бастығы болып жұмыс істейді. Оқуын толық бітірмесе де, алған біліміне жауапкершілігі мен қабілетін қосып, табыс алып келеді. Беркінғали Атшыбаев мұнай барлаудың инновациялық тәсілдердің (геофизикалық тәсілін, микропалеон-тологиялық деректерді анализ жасау әдісі) қолдана отырып мұнай көзі болуы ықтимал жерлердің геологиялық картасын жасаған. 1931 жылы өзі жетекшілік еткен геологиялық зерттеу нәтижесінде Мұнайлы, Ескене, Алтыкөл мұнай кен орындарын ашады. 1933 жылы Қондыбай кен орнының бірінші геологиялық картасын жасап шығады. Кейіннен, 1934 жылы Жолдыбайдағы мұнайдың қабаттық құрылымын анықтаған. 1935-1936 жылдары Беркінғали Атшыбаевтың қатысуымен Құлсары, Шонай, Төлес, Дүйсеке, Қарашүңгіл кен орындарында кешенді геофизикалық іздеу жұмыстары жүргізілген. 1937 жылы қазан айында «Эмбанефть» тресі бойынша Беркінғали Атшыбаевқа «Х. Ақботин, Т.Иманғазиевтармен бірге І.М.Құрамысовтың алашордашыл, контрреволюциялық ұйымына қатысы бар» деген айып тағылып тұтқындалады. Беркінғали Атшыбаевты Оралға депортациялаған, одан кейінгі тағдыры белгісіз. Абақтыдағы түрме ауруханасында қайтыс болған деген қауесет бар. 1957 жылы 6 желтоқсанда Беркінғали Атшыбаев Оңтүстік-Орал әскери округы әскери прокуратурасының қаулысымен ақталды.

Жаһанша Досмұхамедов – заңгер, адвокат, судья, прокурор, юстиция генералы. Жаһанша Досмұхамедов(1887-1938) Орал облысы Жымпиты ауданының Қарақұдық 660 ауылында дүниеге келген. Руы – тана, Қарақұнан. Әкесі Досмұхамед – өңірге аты мәлім, дәулетті, көзі ашық кісі болса, шешесі Мыжық та (Ж. Ақбаевтың кітабында Рабиға деп көрсетілген) – әйгілі Сырым Датұлының ұрпағы, ауыл-аймаққа беделді, ағайынға қадірлі, кедей-кепшікке қайырымды жан болған. «Уральский листок» газетіне мақаласы 1911 жылы жарық көрген. «Несколько слов о киргизском (казакском) обычном праве и народном суде» («Қазақтың әдет заңдары және халық соты туралы бір ауыз сөз») деген мақаласында қазақ халқының әдет-ғұрып, құқықтық мәдениетін талдайды. Этнолог, заңгер-ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып жазылған бұл мақала – Жаһаншаның заңгер, сарапшы, публицист, патриоттық қырлары ұштаса көрініс тапқан тұңғыш еңбегі десе болады. Бұл мақала орыс билігіне ашық күндегі найзағайдай әсер етті. Белгілі Алаштанушы ғалым Дәметкен Сүлейменова ның айтуынша, Жаһаншаның осы мақаласы шыққан газет бүкіл Қазақстан аумағында жойылған, тіпті архивтерде де сақталмаған. 1916 жылы Б.Қаратаев, Ж.Сейдалиновмен бірге Петроградқа арнайы сапар шегіп, төртінші Мемлекеттік дума алдында қазақ жігіттерін тыл жұмысына алуды шегере тұруды мәселе қылып көтерген. Томск қаласында округ прокурорының-жолдасы орынбасары болып жүріп, адвокаттық жұмысты да қоса атқарады. Жаһанша – Омск, Троицк, Санкт-Петербург қалаларында өткен көптеген сот процесіне адвокат ретінде қатысып, жеңіп шығады. Заңға жетістігіне қоса ел ауызында да сақталған, көркем әдебиетте де хатталған («Алашорда көсемдерінің ішінде жұртты сөзбен ерітіп әкететін айрықша екі кісі бар. Бірі – Міржақып Дулатұлы, бірі – Жаһанша Досмұхамедұлы» С.Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу») шешендік қабілеті оның алдынан жоғары мансап мүмкіндіктерін ашады. 1917 жылдың сәуірінде өткен облыстық бірінші қазақ сиезінде осы жиынға қатысқан 800 делегат тарапынан бір ауыздан сиез төрағасы болып сайланды. Жаһанша сиездегі сөзінде: «Біздің мақсатымыз – ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты – елдің тұрмысын, тілін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз», - деп мәлімдеді. Халықты басқару Жаһанша әзірлеген ереже бойынша жүреді деп шешіліп, жергілікті басқару құрылымы белгіленіп, тұрақты қазақ комитеті сайланды. Жаһаншаның рухани, саяси абырой-беделінің жоғарылығы сонша, онымен ел де, жау да, қазақ та, орыс та, ақ та, казакта санасты, тіпті Алашорданы бітпес дұшпан санайтын большевиктер арасында да оған оңқабак, тілеулес адамдар баршылық болды. Мысалы, І.Жансүгіров келтірген дерекке сай, Ораз Исаев (Қазақстан Халкомы кеңесінің төрағасы, КСРО БОАК және ОАК төралқасының мүшесі) Илиястың Жанша Досмұхамедұлына әжуалап, аяр, қорқақ, халық жауы етіп сипаттаған «Атвокад Там» фельетонын айыптайды. «Жаһанша Досмұхамедұлы – саналы өмірін патшалы Ресейдің және қазіргі Кеңес өкіметінің отарлау саясатына қарсы күреске арнады. Әзірге олар талқандалғанмен, алайда дұрыс пайымдайтын қазақтың санасын да идеясы өмір сүреді, Алаш Орда әлі Кеңес өкіметі және коммунистер партиясымен өзінің мақсатына жету үшін күрес жүргізуде», -деп Алашорданың дербес қазақ мемлекетін құрудағы рөлі мен күресіне оң баға береді. 1922-1924 жылдары Ташкенттегі қазақ зиялылары Білім комиссиясы жанынан құрған «Талап» мәдени-ағарту қауымының тапсыруымен «Жауыздық низамы» деген атпен қазақ тіліндегі алғашқы кеңестік Қылмыстық кодекстің әзірледі. Бұндай жауапты іс Жаһанша Досмұхамедұлына оның заңгерлік біліктілігі, сондай-ақ аудармашылық қабілеті ескеріліп, жүктелсе керек. Жаһанша Досмұхамедұлының аудармашылық қарымы Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалау» («Ботагөз») романын орыс тіліне аударып, туындыны көпұлтты советтік оқырмандармен

қауыштыруы арқылы да білінеді. 1932 жылы 20 сәуірде «үштіктің» қаулысымен 15 адам концлагерьге (Воронеж) 5 жыл мерзімге қамауға алынады. Содан кейін концлагерь жазасы 5 жыл мерзімге орталыққа 661 айдаумен ауыстырылды. Х. Досмұхамедовке, Ж. Досмұхамедовке, М. Тынышбаевқа, Ж. Ақбаевқа, Қ. Кемеңгеровке, Ж. Күдеринге және тағы басқаларға осындай үкім кесілді. Жаханша Досмұхамедұлына «1921 жылы Ташкентте М. Тынышпаев пен бірге астыртын ұйым құрды және 1930 жылдары Кенес үкіметіне қарсы қимыл жасады» деп айып тағылды. Ж. Досмұхамедов 1938 жылғы 16 шілдеде НКВД-нің Мәскеу облыстық басқармасы жанындағы «үштіктің» үкімімен ату жазасына кесіледі. Бұл үкім 1938 жылы 3 тамызда Мәскеудің Бутово полигонында орындалды. Халел Досмұхамедов (24 сәуір, 1883–19 тамыз, 1939) – 20 ғасырдың басында қалыптасқан қазақтың демократиялық интеллигенциясының аса көрнекті өкілдерінің бірі, дәрігер, ұстаз әрі ғалым. Мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын: саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы. Халел Досмұхамедов Орал облысы, Гурьев уезі, Тайсойған қыстағында дүниеге келген. Отбасында он баланың үшіншісі. Басқа деректерде Досмұхамед пен Әйкен бір қыз, төрт ұл сүйген. Байұлы тайпасының Беріш руынан шыққан. 1894 жылы бастауыш мектепті бітіріп, Орал казактарының нақты пәндер мектебінің дайындық сыныбына түсті. Орыс тілін меңгеріп, тұңғыш оқушы ретінде сыныптан сыныпқа көшіп отырды. 1903 жылы Халел Санкт-Петербург императорлық әскери-медицина академиясына оқуға түсті. Ол астанаға төңкеріс қарсаңында, елдің саяси өмірі қайнай бастаған тұста келді. Кейінірек өзі бұл кезең жайында былай деп еске алады: «Студенттік алақұйын өмірге араласып кеттім. Саяси-ағартушылық бағытында білім алуға ашкөздік пен кірістім, түрлі саяси партияның бағдарламалары мен талаптарымен таныстым... Бірақ сол саяси партиялардың бірде-бір бағдарламасы мені, мені ғана емес, басқа да қазақ студенттерін қанағаттандыра алмады. Социал-демократтар тек жұмысшылар жайлы, ал социалистік революционерлер шаруалар туралы айтатын. Жергілікті автономия жөнінде жақ ашпайтын. Кадеттер орыс халқының ұлылығын жырлағанмен, басқа халықтар туралы бір ауыз сөз айтуға жарамайтын, ойшылдар сырттан келгендердің мүйіздеумен айналысты. Милуковтың бір баяндамасында айтқан сөзі есімнен кетпейді Ол патша үкіметі сырттан келгендерді сырттан келгендерді дөрекі түрде шімірікпей қарайтынын айтқан еді». Халел Досмұхамедұлы бірнеше тілді жетік меңгерді. Атап айтқанда, ол қазақ пен орыс тілін былай қойғанда, көне түрік тілі мен неміс тілінде еркін сөйлеген, латын мен француз тілін жақсы дәрежеде меңгерді. Ол қазақ тілінің үндесу заңын (сингормонизм) зерттеген алғашқы лингвист, тамаша фольклорист және этнограф, тарихқа тақырыптарға да қалам тартқан зерделі зерттеуші болды. Халқымыз ұлы ақындар Махамбет Өтемісұлы мен Мұрат Мөңкеұлының шығармаларының кейінгі ұрпаққа аман-есен жеткені үшін Халел Досмұхамедұлына қарыздар. 1917-1920 жылдары қоғамдық-саяси қызметі Алаш қозғалысымен тікелей байланысты болған Халел Досмұхамедұлы он жылдай уақыт қана (1920-1929 жылдар) белсенді ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметпен айналысты. Қазақстан мен Түркістанның жоғары оқу орындары мен мектептері үшін жазған, жариялап үлгерген оқулықтар мен оқу құралдарын атап шығудың өзі оңай шаруа емес. Олардың қатарынан «Табиғат тану», «Адамның тән тірлігі» («Анатомия»), «Жануарлар» («Зоология»), «Оқушылардың саулығын сақтау» («Гигиена») сияқты оқу құралдарын бірінші кезекте атау лазым, өйткені бұлар өз саласында ізашар, көш бастаушы еңбектер еді. Сонымен қатар қазақ халқының ғылыми таным өрісін кеңейту мақсатында Ю.Вагнердің «Рассказы о том, как устроено и работает наше тело» («Дене бітімі мен оның жұмысы туралы әңгімелер») және «Рассказы о том, как живут и устроены растения» («Өсімдіктердің жаратылысы мен тіршілігі туралы әңгімелер») атты

кітаптарын қазақ тіліне аударып, бастырып шығарған. «Шернияз шешен» (1925), «Исатай-Махамбет» (1925), «Алаш не сөз» еңбектерін, Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» (1923) жинағын 662 шығарады. Халел Досмұхамедов отандық педагогиканың теориялық негізін қалап, этнопедагогика және этнопсихология мәселесімен айналысты. «Тіл – халықтың жаны», «Тілін жоғалтқан халықты халық деп атауға болмайды», «Тілін жоғалтқан халық өзін де жоғалтады», «Мәдениетке ұмтылған адамдар тілді байытады» деген ескерту іспетті сөздер жазып қалдырған. Халел Досмұхамедов 58-10, 58-11 – баптары бойынша сотталады. Айдауда жүрген кезінде туберкулез дертіне шалдығады. 1938 жылы 26 шілдеде Халел Досмұхамедов қайта қамауға алынады. 1939 жылы 24 сәуірде Алматыда әскери трибунал атуға үкім шығарады. Алайда, үкім орындалмайды, себебі, сотталушы Алматыдағы түрме ауруханасында көз жұмады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Қашқынбаев Иса // Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст. Ғ.Әнес., С. Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – Б.223-225 2. Қашқынбаев Иса // Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – Б.268-270 3. Абдуллаев Қ. Азапты жылдардың азаматтары // Денсаулық. – 2002. – № 6. – Б.20-22 4. Жәленов Кәрім // Тілешов Е, Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – Б.189-192 5. Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова.- Алматы: Арыс баспасы, 2009. – Б.169-171 6. Ұлт көшбасшылары / құраст.: А.Мұстояпова.-Алматы: Дарын баспасы, 2023. – Б.116-122; 138-142; 203-205; 7. Алаш заңгерлері / құраст.: А.Құспан.-Алматы: Отбасы баспасы, 2023, - Б. 221-237; 8. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы / құраст.: К.Нұрпейісов, М.Құлкенов, Б.Хабижанов, А.Мектепов.-Алматы, «Санат», 1996;